

Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының ЗАҢЫ 1993 жылғы 18 қаңтар N 1888-XII. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 1999.07.26. N 457 Заңымен. ~Z990457

Осы Заң Қазақстан Республикасындағы тауар таңбаларын, қызмет көрсету таңбаларын және тауар шығарылған жерлердің атауларын қорғау мен пайдалануға байланысты туындайтын құқылық, экономикалық және ұйымдық қ а т ы н а с т а р д ы р е т т е й д і .

І Б Ө Л І М Ж А Л П Ы Е Р Е Ж Е Л Е Р

1-бап. Қазақстан Республикасының тауар таңбаларын, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлерінің атаулары туралы заңдары

Тауар таңбаларын, қызмет көрсету таңбаларын және тауар шығарылған жерлердің атауларын қорғау мен пайдалануға байланысты туындайтын қатынастар осы Заңмен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерімен және нормативтік актілерімен реттеледі.

2-бап. Қазақстан Республикасының Ұлттық Патент ведомствосы

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Патент ведомствосы (бұдан әрі - Патент ведомствосы) орталық мемлекеттік басқару органы бола отырып, өнеркәсіптік меншік объектілерін қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты жүргізеді .

2. Патент ведомствосы тауар таңбаларын, қызмет көрсету таңбаларын тіркеуге, тауар шығарылған жердің атауын тіркеуге және пайдалану құқығына берілген өтінімдерді қарауға қабылдайды, олар жөнінде сараптама жұмыстарын өткізеді, куәлік береді, мемлекеттік тізімдер жүргізеді, тіркелген тауар таңбалары мен тауар шығарылған жерлердің атауларын жариялайды, осы Заңды қолдану жөнінде түсініктемелер береді, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Ұлттық Патент ведомствосы туралы Ережеге сәйкес басқа да міндеттерді а т қ а р а д ы .

3-бап. Тауар таңбаларын, қызмет көрсету таңбаларын және тауар шығарылған жерлердің атауларын құқылық қорғау

1. Тауар таңбаларын, қызмет көрсету таңбаларын және тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығы Заңмен қорғалады.

2. Қазақстан Республикасында тауар таңбаларын, қызмет көрсету таңбаларын және тауар шығарылған жерлердің атауларын құқылық қорғау оларды осы Заңда белгіленген тәртіппен тіркеу және куәлік беру негізінде немесе Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес беріледі.

3. Тауар таңбаларын және қызмет көрсету таңбаларын құқылық қорғау шаруашылық жүргізуші кез келген субъектіге берілуі мүмкін.

Шаруашылық жүргізуші субъект өзі шығаратын барлық тауарлар (көрсететін қызметі) үшін бір тауар таңбасын немесе түрлі сапалық сипаты бар әр алуан тауар түрлері (көрсететін қызметі) немесе тауарлар үшін бірнеше тауар таңбасын иеленеді.

4. Тауар таңбалары мен қызмет көрсету таңбаларын немесе соған шектесіп кету дәрежесіне дейін ұқсас таңбаны біртектес тауарлар мен қызмет көрсетуге қатысты шаруашылық айналымына рұқсатсыз енгізу ол белгілер иесінің айрықша құқығын бұзу болып табылады.

4-бап. Заңда пайдаланылатын ұғымдар

"Тауар таңбасы және қызмет көрсету таңбасы" (бұдан әрі - "тауар таңбасы") - шаруашылық жүргізуші бір субъектінің тауарлары мен көрсететін қызметін шаруашылық жүргізуші басқа субъектінің біртектес тауарлары мен көрсететін қызметінен ажырату үшін қолданылатын тіркелген сөздік, бейнелік, көлемдік немесе басқа да таңба;

"Ұжымдық тауар таңбасы"- одақтың, шаруашылық қауымдастығының, концерннің немесе өзге де бірлестіктің (бұдан әрі - бірлестік) сапасы немесе өзге де сипаттамалары бірыңғай етіп шығарылатын немесе өткізілетін тауарларды белгілеуге арналған тауар таңбасы;

"Тауар шығарылған жер атауы" - тауардың ерекше қасиеттері тек қана немесе негізінен оны шығаратын жермен (табиғи жағдайларымен немесе адам факторларымен не табиғи жағдайлары және адам факторларымен бір мезгілде) байланысты тауар белгілеуге пайдаланылатын географиялық объект атауы;

"Шаруашылық жүргізуші субъект" - шаруашылық-коммерциялық қызметті жүзеге асыратын және тауар айналымына қатысушы болып табылатын кез келген заңды ұйым мен нақты адам.

І І Б Ө Л І М

ТАУАР ТАҢБАСЫН ТІРКЕУГЕ БЕРІЛЕТІН ӨТІНІМ ЖӘНЕ ТАУАР

ШЫҒАРЫЛҒАН ЖЕР АТАУЫН ПАЙДАЛАНУ ҚҰҚЫҒЫН БЕРУ

5 - б а п . Ө т і н і м б е р у

1. Тауар таңбасын тіркеуге, тауар шығарылған жер атауын тіркеуге және оны пайдалану құқығын беруге өтінімді Патент ведомствосына шаруашылық жүргізуші субъект береді.

2. Өтінімді Патент ведомствосында тіркелген патенттік сенімді өкіл арқылы беруге болады. Патенттік сенімді өкілдің өкілеттігі мүдделі шаруашылық жүргізуші субъектінің сенімхатымен куәландырылады.

3. Шетелдік заңды ұйымдар немесе Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұрақты тұратын нақты адамдар не олардың патенттік сенімді өкілдері тауар таңбаларын және шығарылған жерлердің атауларын тіркеуге байланысты істерді Патент ведомствосында тіркелген патенттік сенімді өкілдер арқылы жүргізеді.

6-бап. Тауар таңбасын тіркеуге берілетін өтінімге қойылатын талаптар

1. Өтінім бір тауар таңбасына қатысты болуға тиіс.

2 . Ө т і н і м д е :

- белгіленген үлгідегі белгіні тауар таңбасы ретінде тіркеу туралы, өтінім берушінің аты-жөні, сондай-ақ оның тұратын жері немесе мекен-жайы көрсетілген арыз ;

- ұсынылған белгі мен оның сипаттамасы;

- тауар таңбасын тіркеу сұралып отырған тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің, таңбалардың тіркелуі үшін халықаралық саралау кластары бойынша топтастырылған тауар тізбесі қамтылуға тиіс.

3 . Ө т і н і м г е :

- белгіленген мөлшерде баж төленгендігін растайтын құжат;

- патенттік сенімді өкілдің өкілеттігін куәландыратын (егер өтінім сол арқылы берілсе) құжат қоса тіркелуге тиіс.

4. Өтінімге қоса тіркелетін құжаттар қазақ немесе орыс тілінде табыс етіледі. Егер құжаттар басқа тілде табыс етілген болса, өтінім беруші екі ай мерзімде олардың қазақ немесе орыс тіліндегі аудармасын тапсырады.

5. Өтінім құжаттарына басқа талаптарды Патент ведомствосы белгілейді.

7-бап. Ұжымдық тауар таңбасын тіркеуге берілетін өтінімге қойылатын талаптар

1. Ұжымдық тауар таңбасын тіркеуге берілген өтінімде осы Заңның 6-бабында көзделген құжаттарға қоса ұжымдық тауар таңбасының Жарғысы

2. Ұжымдық тауар таңбасының жарғысында ұжымдық тауар таңбасын өз атына тіркеуге уәкілеттік берілген бірлестіктің атауы, осы таңбаны тіркеудің мақсаты, осы таңбаны пайдалануға құқығы бар субъектілер тізбесі, ұжымдық тауар таңбасымен белгіленетін тауарлар тізбесі мен біркелкі сапалық немесе өзге де жалпы сипаттамалары, оны пайдалану шарттары, оның пайдаланылуын бақылау тәртібі, Ұжымдық тауар таңбасы жарғысының ережесін бұзғандық үшін жауаптылық қамтылады.

8-бап. Тауар шығарылған жер атауын тіркеуге берілетін өтінімге қойылатын талаптар және тауар шығарылған жер атауын пайдалану құқығын беру

1. Өтінім тауар шығарылған жердің бір атауына қатысты болуға тиіс.

2. Өтінімде:

- тауар шығарылған жер атауын тіркеу және оны пайдалану құқығын беру туралы немесе өтінім беруші (арыз берушілер), сондай-ақ (олардың) тұратын жерін немесе мекен-жайын көрсете отырып, тіркеуден өткен тауар шығарылған жер атауын пайдалану құқығын беру туралы арыз;

- ұсынылған белгі;

- белгілеу үшін тауар шығарылған жерді (объектінің географиялық шекарасын) көрсете отырып тіркеу сұралып отырған тауар түрі;

- тауардың айрықша қасиеттерінің сипаттамасы қамтылуға тиіс.

3. Өтінімге:

- жергілікті басқару органының өтінім берушінің аталған географиялық объектіде екендігі және ерекше қасиеттері сол географиялық объектіге тән табиғи жағдайлармен (және) немесе адам факторларымен айқындалатын тауар шығаратындығы туралы қорытындысы;

- өтінім берілген тауар шығарылған жер атауына оны шығарған елде шетелдік өтініш берушінің құқығын растайтын құжат;

- белгіленген мөлшерде баж төлегендігін растайтын құжат;

- патенттік сенімді өкілдің (егер өтінім сол арқылы берілген болса) өкілеттігін куәландыратын құжат қоса тіркелуге тиіс.

4. Өтінімдік құжаттар осы Заңның 6-бабындағы 4-тармақта белгіленген талаптарға сәйкес табыс етіледі.

9-бап. Тауар таңбасының басымдығы

1. Тауар таңбасының басымдығы Патент ведомствосына дұрыс ресімделген өтінімнің түскен күні бойынша белгіленеді.

2. Егер өтінім Патент ведомствосына көрсетілген уақыттан бастап алты ай

ішінде түскен болса, ресми танылған халықаралық көрмелердің экспонаттарына қойылған тауар таңбаларының басымдығы экспонаттың көрмеде ашық көрсетіле бастаған күні бойынша белгіленуі мүмкін.

3. Егер өтінім Патент ведомствосына аталған күннен бастап алты ай ішінде түссе, тауар таңбасының басымдығы өнеркәсіп меншігін қорғау жөніндегі халықаралық келісімдерге (конвенциялық басымдығы) қатысушы шет елде тауар таңбасына бірінші өтінім берілген күн бойынша белгіленуі мүмкін.

4. Конвенцияда, көрмеде басымдық құқығын пайдаланғысы келетін өтінім беруші мұны тауар таңбасына өтінім берген кезде немесе өтінім Патент ведомствосына түскен күннен бастап екі ай ішінде көрсетуге міндетті. Бұл осындай талаптың заңды екендігін растайтын тиісті құжаттарды қоса тіркеу, не бұл құжаттарды өтінім Патент ведомствосына түскен күннен бастап үш ай мерзімнен кешіктірмей тапсыру қажет.

10-бап. Сараптамадан өткізу тәртібі

1. Өтінімді сараптамадан Патент ведомствосы кезең-кезеңмен өткізеді:

алдын ала сараптама - оның барысында бір ай ішінде өтінім мазмұны, қажетті құжаттардың болуы, сондай-ақ олардың белгіленген талаптарға сай келуі
т е к с е р і л е д і ;

келесі сараптама - өтінімге басымдық берілген күннен бастап есептегенде он екі ай ішінде өтінім жасалып отырған белгі толық сараптамадан өткізіледі, оның барысында өтінім берілген белгінің 4 және 14-баптарда, тауар таңбалары үшін - 15-баптың 1-тармағында; шығарылған жер атаулары үшін - 4-баптың төртінші абзацында және 16-баптың 1, 2, 3-тармақтарында белгіленген талаптарға с ә й к е с т і г і
т е к с е р і л е д і .

2. Патент ведомствосы сараптаманың кез келген сатысында түсініктемелер не қосымша материалдар сұрай алады, олар екі ай ішінде табыс етілуге тиіс.

Өтінім беруші қосымша материалдарды немесе көрсетілген мерзімді ұзарту туралы өтінішті мерзімінде табыс етпеген ретте өтінім бойынша іс жүргізу тоқтатылады. Өтінім қайтарылып алынған болып есептеледі.

11-бап. Сараптама нәтижелері жөніндегі шешім

1. Алдын ала жасалған сараптама нәтижелері жөнінде өтінім берушіге өтінімнің қарауға қабылданғаны және басымдық белгіленгені туралы не дәлелді қорытынды түрінде бас тартылғаны туралы хабарланады. Бұл орайда өтінім материалдары қайтарылып беріледі.

2. Толық сараптама нәтижелері бойынша Патент ведомствосы тауар таңбаларын тіркеу туралы, тауар шығарылған жер атауларын пайдалану

құқығын тіркеу және беру туралы немесе тіркеуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

3. Сараптаманың шешіміне Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен дау айтылуы не оның қайта қаралуы мүмкін.

12-бап. Өтінім берушінің құқықтары

Өтінім беруші:

- өтінімді сараптаманың кез келген сатысында қайтарып алуға;
- өтінімге сараптама жасау барысында туындайтын мәселелерді қарауға қатысуға;
- өтінім түскен күннен бастап екі ай ішінде өтінім материалдарының негізін өзгертпей, оларды толықтыруға, анықтауға немесе түзетуге;
- өткізіп алынған мерзімді қалпына келтіру туралы өтініш жасауға;
- қарсы қойылған материалдармен танысуға;
- шешім алынған күннен бастап үш ай ішінде Патент ведомствосының шағым кеңесіне қарсы пікір беруге;
- шешім алынған күннен бастап алты ай ішінде Патент ведомствосы шағым кеңесінің шешіміне сот тәртібімен шағым беруге құқылы.

III БӨЛІМ

ТАУАР ТАҢБАСЫН, ТАУАР ШЫҒАРЫЛҒАН ЖЕР АТАУЫН ТІРКЕУ

13-бап. Қазақстан Республикасының тауар таңбалары мен тауарлар шығарылған жер атауларының мемлекеттік тізімдері

1. Тауар таңбаларын және тауар шығарылған жер атауларын тіркеу тиісінше Тауар таңбаларының мемлекеттік тізімі мен Тауарлар шығарылған жер атауларының мемлекеттік тізімінде жүргізіледі.

2. Тауар таңбаларының мемлекеттік тізіміне тауар таңбасының бейнесі, оның иесі туралы мәліметтер, тауар таңбасына басымдық берілген күн және оның тіркелген күні, тауар таңбасы тіркелген тауарлар мен көрсетілетін қызметтің тізбесі, сондай-ақ тауар таңбасының тіркелуіне, оны күшінде сақтауға қатысты басқа да мәліметтер және аталған мәліметтерге кейіннен жасалған барлық өзгерістері енгізіледі. Ұжымдық таңбаны тіркеген кезде оны пайдаланушылар туралы мәліметтер енгізіледі.

3. Тауар шығарылған жер атауларының мемлекеттік тізіміне тауар

шығарылған жер атауы, тауар шығарылған жер атауын пайдалану құқығының иесі туралы мәліметтер, тауардың айрықша қасиеттерінің сипаттамасы, сондай-ақ тауар шығарылған жер атауының тіркелуіне және тауар шығарылған жер атауын пайдалану құқығын беруге қатысты басқа да мәліметтер, сондай-ақ аталған мәліметтерге кейіннен жасалған барлық өзгерістер енгізіледі.

4. Мүдделі адамдардың өтініші бойынша Патент ведомствосы тізімнен үзінді б е р е д і .

14-бап. Тауар таңбасын тіркеуден бас тартуға сөзсіз негіздер

1. Тек қана мынадай белгілерден тұратын:

мемлекеттік елтаңбалар, жалаулар мен эмблемалар, халықаралық немесе үкіметаралық ұйымдардың қысқартылған немесе толық атаулары, ресми бақылау кепілдік беруші және сынама белгілер, мөрлер, наградалар және басқа айырым белгілері немесе солардан айырғысыз дәрежеге дейін жететін ұқсас белгілер. Мұндай белгілер егер бұған тиісті органдардың немесе олардың иелерінің келісімдері болса қорғалмайтын элементтер ретінде пайдалануы мүмкін;

ажыратарлық қабілеті жоқ;

тауарлардың белгілі бір түрінің ретінде жаппай пайдалануға енгізілген; жалпы қабылданған нышандар және терминдер болып табылатын; тауарлардың түрін, сапасын, санын, қасиетін, мақсатын, бағалылығын, сондай-ақ олардың өндірілген және өткізілген орны мен уақытын көрсететін тауар таңбаларын тіркеуге жол берілмейді.

2. Осы баптағы 1-тармақтың үшінші абзацынан бастап алтыншысына дейін көрсетілген белгілер, егер олар басым жағдайға ие болмаса, тауар таңбасының қорғалмайтын элементтері ретінде пайдалануы мүмкін.

3. Мынадай белгілерді:

тауар мен оны дайындаушы жөнінде жалған немесе шатастыра алатын; өзінің мазмұны жөнінен қоғамдық мүдделерге, ізгілік пен мораль принциптеріне қайшы келетін белгілерді тауар таңбалары немесе олардың элементтері ретінде тіркеуге жол берілмейді.

15-бап. Белгілерді тауар таңбасы ретінде тіркеуден бас тартудың өзге де негіздері

1. Мынадай белгілерді:

біркелкі тауарлар мен көрсетілетін қызметке қатысты Қазақстан Республикасында басқа адамның атына бұрын тіркелген немесе тіркеуге өтінім берілген тауар таңбаларымен;

басқа адамдардың тіркелмесе де, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес қорғалатын тауар таңбаларымен;

тауар шығарылған жер атауын пайдалануға құқығы бар адамның атына тіркелетін тауар таңбасының қорғалмайтын элементі ретінде енгізілуі мүмкін реттерді қоспағанда, Қазақстан Республикасында қорғалатын тауарлар шығарылған жерлер атауларымен бірдей немесе ажыратуға болмайтындай дәрежеде ұқсас белгілерді тауар таңбалары ретінде тіркеуге болмайды.

2. Мынадай белгілер:

Қазақстан Республикасында қорғалатын өнеркәсіп үлгілерін; біркелкі тауарлар жөніндегі тауар таңбасына өтінімге басымдық берілген күнге дейін осы атауларды пайдалануға құқық алған басқа адамдарға жататын, Қазақстан Республикасы аумағында жалпыға мәлім фирмалық атауларды (немесе о л а р д ы ң б ө л і к т е р і н) ;

авторлық құқыққа сәйкес қорғалатын белгілі әдеби, ғылыми және өнер шығармаларының атауларын, өнер шығармалары мен олардың бөліктерін;

адамдардың, олардың мұрагерлері мен құқылы мирасқорларының мүліктік емес жеке құқықтарын бұза отырып, фамилиясын, есімін, бүркеншік атын және осылардан туындаған аты-жөндерін, портреттері мен факсимилелерін, сондай-ақ осы белгілер Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени игілігі болып табылса, тиісті құзыретті органның рұқсаты болмайынша;

олимпиадалық нышандарды көзге елестететін белгілер тауар таңбалары р е т і н д е т і р к е л м е й д і .

16-бап. Тауар шығарылған жер атауларын тіркеу ерекшеліктері

1. Географиялық объектінің тарихи атауы тауар шығарылған жер атауы б о л ы п т а н ы л у ы м ү м к і н .

2. Тауар шығарылған жер атауы ретінде географиялық объектілердің ауызша атаулары немесе олардың тауарлар түрін немесе шартты атаулары қосылған а т а у л а р ы п а й д а л а н ы л у ы м ү м к і н .

3. Географиялық объектінің атын иемденгенімен немесе оның мағынасын бергенімен тауар шығарылған жерге байланысты емес, бірақ белгілі бір тауар түрінің белгісі ретінде жаппай пайдаланылып жүрген белгі тауар шығарылған ж е р а т а у ы б о л ы п т а н ы л м а й д ы .

4. Тауар шығарылған жер атауы белгілі бір географиялық объектіде тауар шығарушы бір немесе бірнеше шаруашылық жүргізуші субъектінің атына т і р к е л у і м ү м к і н .

5. Тауар шығарылған жер атауының шаруашылық жүргізуші бір немесе бірнеше субъектінің атына тіркелуі осы атауды айрықша қасиеттері міндетті түрде немесе негізінен оны өндіруші жерге байланысты және нақ сол географиялық объектіде орналасқан тауар шығаратын шаруашылық жүргізуші субъектілердің атына тіркеуге өтінім беруге кедергі жасамайды.

6. Тауар шығарылған жер атауы шаруашылық жүргізуші бір немесе бірнеше субъектінің құқығындағы ғана объект болмайды, ол мемлекет игілігі болып табылады.

17 - бап. Қорғаушы құжат

1. Осы Заңға сәйкес тіркелген тауар таңбалары мен тауар шығарылған жер атауларына белгіленген үлгідегі куәліктер беріледі.

2. Тауар таңбасына берілген куәлік тауар таңбасы ретіндегі

белгінің тіркелгендігін, тауар таңбасы басымдығын, куәлікте көрсетілген тауарлар мен қызметке қатысты тауар таңбасы иесінің ерекше құқығын куәландырады.

3. Тауар шығарылған жер атауын пайдалану құқығына берілген куәлік тауар шығарылған жер атауы ретінде мәлімделген белгінің тіркелгендігі мен куәлік иесінің куәлікте көрсетілген тауар түріне қатысты оны пайдалану құқығын куәландырады.

IV БӨЛІМ ҚОРҒАУШЫ ҚҰЖАТТАРДЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

18-бап. Куәліктің қолданылу мерзімі

1. Тауар таңбасына берілген куәлік өтінім берілген күннен бастап есептегенде он жыл бойы қолданылады.

2. Тауар шығарылған жер атауын пайдалану құқығына берілген куәлік Патент ведомствосына өтінім түскен күннен бастап есептегенде он жыл бойы қолданылады.

3. Куәліктің қолданылу мерзімі куәлік қолданылуының соңғы жылында куәлік иесі берген өтініш бойынша баж төленген жағдайда әр жолы он жылға ұзартылуы мүмкін.

4. Тауар таңбасына немесе тауар шығарылған жер атауын пайдалану құқығына берілген куәліктің қолданылу мерзімін ұзарту үшін куәлік иесі берген өтініш бойынша қосымша баж төленген жағдайда куәліктің қолданылу мерзімі біткеннен кейін алты ай мерзім берілуі мүмкін.

19-бап. Тауар таңбасына берілген куәліктің қолданылу мерзімін ұзарту тәртібі

1. Тауар таңбасына берілген куәліктің қолданылу мерзімін ұзарту туралы

арыз Патент ведомствосына беріледі. Арызға:
тауар таңбасына берілген куәлік (түпнұсқа);
белгіленген мөлшерде баж төленгендігін растайтын құжат;
егер куәліктің қолданылу мерзімін ұзарту туралы арыз патенттік сенімді өкіл арқылы берілсе, оның өкілеттігін куәландыратын құжат қоса тіркелуге тиіс.

2. Тауар таңбасына берілген куәліктің қолданылу мерзімін ұзарту туралы жазба Тауар таңбаларының мемлекеттік тізіміне және тауар таңбасына берілген куәлікке жазылады.

20-бап. Тауар шығарылған жер атауын пайдалану құқығына берілген куәліктің қолданылу мерзімін ұзарту тәртібі

1. Тауар шығарылған жер атауын пайдалану құқығына берілген куәліктің қолданылу мерзімін ұзартуды сұраған арыз Патент ведомствосына беріледі.

А р ы з ғ а :

к у ә л і к (т ү п н ұ с қ а) ;

тауар шығарылған жер атауын пайдалану құқығына, берілген куәлік иесінің белгілі бір географиялық объектіде екенін және куәлікте көрсетілген қасиеттері бар тауарды өндіретінін растайтын жергілікті өкімет органының қорытындысы;

белгіленген мөлшерде баж төленгендігін растайтын құжат;
егер куәлік мерзімін ұзарту туралы арыз патенттік сенімді өкіл арқылы берілсе, оның өкілеттігін куәландыратын құжат қоса тіркелуге тиіс.

2. Куәліктің қолданылу мерзімін ұзарту туралы жазбаны Тауар шығарылған жер атауының мемлекеттік тізіміне және тауар шығарылған жер атауын пайдалану құқығына берілген куәлікке Патент ведомствосы жазады.

21-бап. Тіркеу құжаттарына өзгерістер енгізу

1. Тауар таңбасына (оның ішінде ұжымдық тауар таңбасына) немесе тауар шығарылған жер атауын пайдалану құқығына берілген куәлік иесі тіркеуге қатысты өзгерістер туралы Патент ведомствосына хабарлайды.

2. Патент ведомствосы Қазақстан Республикасының тиісті Мемлекеттік тізіміне және куәлікке өзгерістер туралы жазба жасайды.

22-бап. Тіркеу туралы мәліметтерді жариялау

Мемлекеттік тізімдерге енгізілген тауар таңбасын және тауар шығарылған жер атауын тіркеуге қатысты мәліметтерді Патент ведомствосы тізімге тіркелген күннен бастап алты ай ішінде ресми бюллетеньде жариялайды. Тіркеуге қатысты мәліметтердегі одан кейінгі барлық өзгерістер де жарияланады.

23-бап. Тауар таңбасын қайтадан тіркеу шарттары

1. Қолданылу мерзімі өтіп кеткен тауар таңбасын тіркеудің қолданылуы тоқтатылған күннен бастап үш жыл ішінде бұрынғы иесінің есімімен өзге адамның есіміне қайта тіркеуге болмайды.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген ереже тауар таңбасы иесі одан тіркеудің қолданылу мерзімі біткенге дейін бас тартқаны ретте де қолданылады.

V БӨЛІМ

ТАУАР ТАҢБАСЫ МЕН ТАУАР ШЫҒАРЫЛҒАН ЖЕР АТАУЫН ПАЙДАЛАНУ

24-бап. Тауар таңбасы мен тауар шығарылған жер атауын міндетті түрде пайдалануды талап ету

1. Тауар таңбасына немесе тауар шығарылған жер атауын пайдалану құқығына берілген куәлік иесі тауар таңбасын немесе тауар шығарылған жер атауын пайдалануға міндетті.

2. Тауар таңбасын немесе тауар шығарылған жер атауын шаруашылық айналымға енгізудің кез келгені: дайындау, қолдану, алып келу, сақтау, сатуға ұсыну, оның өзін немесе сол таңбамен белгіленген тауарды сату, жарнамада, баспа өнімдерінде, іс құжаттамасы мен маңдайшаларда қолдану және басқа да іс-әрекеттер пайдалану болып есептеледі.

3. Делдалдық қызметті жүзеге асыратын кәсіпкерлер өз таңбасын өздері сататын тауарларда тауарларды дайындаушының тауар таңбасымен қатар пайдалануға, сондай-ақ бір-бірімен өзара келіскен жағдайда оны дайындаушының таңбасының орнына да қоюға құқылы.

4. Ұжымдық таңба иелері болып табылатын шаруашылық жүргізуші субъектілер өздері шығаратын тауарларға ұжымдық таңбамен қатар өздерінің тауар таңбаларын қоя алады.

5. Кез келген мүдделі адам тіркелген күннен бастап бес жыл немесе күшін жою туралы арыз берудің алдындағы бес жыл ішінде мүлде пайдаланылмауына байланысты Патент ведомствосына тауар таңбасын немесе тауар шығарылған жер атауын пайдалану құқығын тіркеудің күшін жою туралы арыз бере алады.

Тауар таңбасын немесе тауар шығарылған жер атауын пайдалану құқығын тіркеудің пайдаланылмауына байланысты күшін жою туралы мәселені шешкен кезде иеленушінің тауар таңбасын немесе тауар шығарылған жер атауын өзіне байланысты емес мән-жайлар себепті пайдалана алмағандығы жөнінде табыс еткен дәлелдемелері ескерілуі мүмкін.

6. Тауар таңбасын немесе тіркелген тауар шығарылған жер атауына барабар немесе ұқсас өзге де белгілерді ол тіркелгенге дейін кемінде алты ай ішінде адал пайдаланып келген адамдар мұндай белгілерді әрбір ретте Патент ведомствосы белгілейтін мерзім шегінде одан әрі пайдалану құқығын сақтап қалады.

25-бап. Сақтандырушылық белгі соғу

Тауар таңбасына немесе тауар шығарылған жер атауын пайдалану құқығына берілген куәлік иесі тауар таңбасымен немесе тауар шығарылған жер атауымен қатар, тауарға немесе оның қабына қолданылып жүрген таңбалар Қазақстан Республикасында тіркелген тауар таңбасы немесе тауар шығарылған жер атауы екенін көрсететін белгі соға алады.

VI БӨЛІМ ТАУАР ТАҢБАСЫ ҚҰҚЫҒЫН БЕРУ ШАРТТАРЫ

26 - б а п . Қ ұ қ ы қ б е р у

1. Куәлікте көрсетілген барлық тауарлар мен көрсетілетін қызмет не олардың бір бөлігі жөніндегі тауар таңбасына берілген ерекше құқықты оның иесі басқа бір мүдделі шаруашылық жүргізуші субъектіге шарт бойынша беруі мүмкін және оның берілгені туралы шарт ресімделіп, міндетті түрде Патент ведомствосында тіркеледі.

2. Куәлікте көрсетілген барлық тауарлар мен көрсетілетін қызмет немесе олардың бір бөлігі жөніндегі тауар таңбасын пайдалану құқығын тауар таңбасының иесі (лицензиар) басқа мүдделі адамға (лицензиатқа) лицензияланған шарт бойынша беріп, ол Патент ведомствосында міндетті түрде тіркелуге тиіс.

3. Лицензиялық шартта лицензиат тауарларының сапасы лицензиар тауарларының сапасынан төмен болмайтыны және лицензиардың осы шарттың орындалуына бақылауды жүзеге асыруға құқылы екені көрсетілуге тиіс.

4. Егер құқық беру тауар немесе оны дайындаушы орналасқан жер жөнінде адасушылық туғызуға себеп болуы мүмкін болса, оны беруге жол берілмейді.

5. Ұжымдық тауар таңбаларына бұл бап қолданылмайды.

27-бап. Тауар таңбасының иесі болып табылатын шаруашылық жүргізуші субъекті қайта құрылған кезде тауар таңбасының ауысуы

1. Шаруашылық жүргізуші субъектілер біріккен кезде тауар таңбалары жаңадан тіркелген субъектіге ауысады.

2. Тауар таңбасының иесі болып табылатын шаруашылық жүргізуші субъекті

бөлінген кезде тауар таңбасы тауар өндіру мен қызмет көрсету билігіне тиген жаңа тіркелген субъектіге ауысады.

Тауар таңбасы тіркелген тауарлар өндірудің немесе қызмет

көрсетудің бір бөлігі тауар таңбасының иесінде сақталып қалған ретте шаруашылық жүргізуші субъектінің екеуі де өздерінің келісімі бойынша тауар таңбасын қоса иеленуші деп танылуы мүмкін.

3. Тауар таңбасының иесі болып табылатын шаруашылық жүргізуші субъект шаруашылық жүргізуші басқа субъектімен қосылған кезде тауар таңбасы соңғысына ауысады.

VII БӨЛІМ

ТАУАР ТАҢБАСЫНА БЕРІЛГЕН КУӘЛІК ПЕН ТАУАР ШЫҒАРЫЛҒАН ЖЕР АТАУЫН ПАЙДАЛАНУ ҚҰҚЫҒЫНА БЕРІЛГЕН КУӘЛІКТІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫН

ТОҚТАТУ

28-бап. Тауар таңбасына және тауар шығарылған жер атауын пайдалану құқығына берілген куәліктерді жарамсыз деп тану

1. Егер осы Заңда не Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық келісімде белгіленген талаптар бұзылып берілген болса, тауар таңбасына және тауар шығарылған жер атауын пайдалану құқығына берілген куәлік оның бүкіл қолданылу мерзімі ішінде толық немесе ішінара жарамсыз деп т а н ы л у ы м ү м к і н .

2. Кез келген мүдделі адам куәліктің бүкіл қолданылу мерзімі ішінде осы баптың 1-тармағында көрсетілген негіз бойынша тауар таңбасына және тауар шығарылған жер атауын пайдалану құқығына куәлік беруге қарсы Патент ведомствосының Шағым кеңесіне қарсылық бере алады.

Тауар таңбасына немесе тауар шығарылған жер атауын пайдалану құқығына куәлік беруге қарсылық оның түскен күнінен бастап алты ай ішінде қаралуға тиіс . Қарсылық берген адам, сондай-ақ куәлік иесі ол қаралған кезде қатысуға қ ұ қ ы л ы .

3. Патент ведомствосы Шағым кеңесінің шешіміне ол қабылданған күннен бастап алты ай ішінде Қазақстан Республикасының сот органдарына шағым б е р і л у і м ү м к і н .

29-бап. Куәліктің қолданылуын тоқтату

1. Тауар таңбасы мен тауар шығарылған жер атауын пайдалану құқығына берілген куәліктің қолданылуы оның мерзімі біткеннен кейін тоқтатылады.

2. Тауар таңбасына немесе тауар шығарылған жер атауын пайдалану құқығына берілген куәліктің қолданылуы:

тараптардың келісуімен Патент ведомствосы Шағым кеңесінің шешімі негізінде ;

сот органдары шешімінің негізінде;

тауар таңбасына берілген куәлік иесінің немесе тауар шығарылған жер атауын пайдалану құқығына берілген куәлікті иеленушінің Патент ведомствосына берген арызы негізінде;

тауар таңбасы немесе тауар шығарылған жер атауы атына тіркелген заңды ұйым тартылған жағдайда ;

тауар таңбасына немесе тауар шығарылған жер атауын пайдалану құқығына берілген куәлік осы Заңның 28-бабының 1-тармағына сәйкес жарамсыз деп танылған ретте ;

тауардың осы тауар шығарылған жер атауы жөніндегі тиісті

мемлекеттік тізімде көрсетілген ерекше қасиеттерінен айырылуына байланысты;

ұжымдық тауар таңбасымен белгіленген тауарлардың бірыңғай сапалық немесе басқа сипаттамаларынан айырылуына байланысты мерзімінен бұрын тоқтатылады.

3. Тауар шығарылған жердің шетелдік атауына берілген куәліктің қолданылуы, аталған негіздерден басқа, шығарылған елінде оны құқылық жағынан қорғаудың қолданылуы тоқтатылуына байланысты тоқтатылады.

VIII БӨЛІМ ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

30-бап. Заңды ұйымдар мен нақты адамдардың тауар таңбалары және тауарлар шығарылған жер атаулары туралы заңдарды бұзғаны үшін жауаптылығы

1. Біркелкі тауарларға тауар таңбасын немесе онымен ұқсас белгіні, тауар шығарылған жер атауын осы Заң талаптарын бұза отырып пайдаланғаны үшін кінәлі нақты адамдар Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес мүліктік, әкімшілік немесе қылмыстық жауапты болады.

2. Тауар таңбасына немесе тауар шығарылған жер атауын пайдалану құқығына берілген куәлік иесіне шығын келтіргені үшін заңды ұйымдар осы Заңға және Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына сәйкес жауапты болады .

31-бап. Тауар таңбасы иесінің құқығын бұзғаны үшін кінәлі адамның жауаптылығы

Тауар таңбасы иесінің құқығын бұзатын әрекет жасаушы заңды ұйымдар мен нақты адамдар таңба иесінің талап етуі бойынша:

тауар таңбасын немесе онымен айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгіні пайдалануды тоқтатуға, сондай-ақ тауар таңбасы иесінің қалауы бойынша, келтірілген шығынды толық мөлшерінде өтеуге немесе оған белгіні заңсыз пайдалану кезінде алынған пайданың бүкіл сомасын төлеуге;

тауардан немесе оның қабынан заңсыз пайдаланылған тауар таңбасын немесе онымен айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгіні алып тастауға және тауар таңбаларын пайдалануға байланысты дауларды қарауға заңмен уәкілдік берілген орган шешімін жариялауға міндетті.

32-бап. Осы Заңды қолдануға байланысты дауларды қарау

Осы Заңды қолдануға байланысты даулар Қазақстан Республикасы заңдарында белгіленген тәртіп бойынша қаралады.

33 - б а п . Б а ж

1. Тауар таңбасын немесе тауар шығарылған жер атауын тіркеуге, куәліктердің қолданылу мерзімін ұзартуға байланысты операциялар үшін, сондай-ақ заң жүзінде мәні бар өзге де әрекеттер жасағаны үшін баж алынады.

Жасалғаны үшін баж алынатын әрекеттердің тізбесін, оларды төлеудің тәртібін, мөлшері мен мерзімін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

2. Өтінім беруші, тауар таңбасына және тауар шығарылған жер атауын пайдалану құқығына берілген куәлік иесі, сондай-ақ кез келген мүдделі адам баж төлейді .

34-бап. Шет елдерде тіркеу

1. Қазақстан Республикасының шаруашылық жүргізуші субъектілері тауар таңбаларын шет елдерде тіркеуге немесе оны халықаралық тіркеуден өткізуге құқылы .

2. Тауар шығарылған жер атауы шет елдерде ол Қазақстан

Республикасында тіркеліп, осы тауар шығарылған жер атауын пайдалану

құқығы алынғаннан кейін тіркеледі.

3. Тауар таңбасын халықаралық тіркеуге өтінім Патент ведомствосы арқылы беріледі.

35-бап. Шетелдік заңды ұйымдар мен нақты адамдардың құқықтары
Шетелдік заңды ұйымдар мен нақты адамдар осы Заңда көзделген құқықтарды халықаралық шарттарға сәйкес немесе өзара сыйластық принципі негізінде пайдаланады.

36-бап. Халықаралық шарттар
Егер Қазақстан Республикасының халықаралық шартында осы Заңда айтылғанынан өзгеше ережелер белгіленген болса, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

Қазақстан Республикасының
Президенті